

*interpretations, similar to unresolved aspects within physics or mathematics. The authors advocate for methodologies and approaches grounded in synergetic theory to facilitate a deeper comprehension of text structure and the emergent properties characteristic of texts across various genres and contexts.*

## REFERENCES

- 1 Baryshnikov, P.N. (2016), “Emergent properties of linguistic processes of consciousness”, *TomSU Bulletin. Philosophy. Sociology. Political Science*, Vol. 2 (34), pp. 21-31.
- 2 Bronnik, L.V. (2009), “Language as an emergent phenomenon: to the problem of linguistic cuisine”, *News of the Voronezh State Pedagogical University*, p. 19.
- 3 Dickinson, E. (2000), *Sto stikhotvoreniy*, Publishing House “Text”, Moscow, Russia.
- 4 Austin, J. (2015), *Pride and Prejudice*, Neoclassics, Moscow, Russia.
- 5 Bulgakov, M. (2022), *Master i Margarita*, Publishing house “Azbuka”, Moscow, Russia.
- 6 Edgar, P. (2023), *Crow. Collection*, Publishing House AST, Moscow, Russia.
- 7 Feshchenko, V.V. (2006), *Avtopoetika kak opyt i metod, ili o novykh gorizontakh semiotiki* [Semiotics and Avant-Garde: an anthology] in Stepanova, Yu.S. (ed.), Academician. Project, Moscow, Russia.
- 8 Nesterova, N.M. (2005), *Tekst i perevod v zerkale sovremennoy filosofskoy paradigm*, Perm, Russia.
- 9 Orwell, G. (2019) Publishing House AST, Moscow, Russia.
- 10 Myshkina, N.L. (1999), Linguodynamics of text: contradictive-synergetic approach, Abstract of Ph.D. dissertation, Perm, Russia.
- 11 Van Dijk, T.A. (2019), *Critical Discourse Analysis: Analyzing Discourse on Social and Political Issues*, Routledge, London, UK.
- 12 Amossi, R. and Hershberg Pierrot, A. (2021), *Stéréotypes et clichés. Langage, Discours, Société*, 3rd ed., Armand Colin, Paris, FR.
- 13 Moskalchuk, G.G. (1998), *Strukturnaya organizatsiya i samoorganizatsiya teksta*, Altai University Publishing House, Barnaul, Russia.
- 14 Shevelev, I.Sh. (1986), *Printsip proporsii: O formoobrazovanii v prirode i vzaimopronikayushchikh podobiyakh*, Sroyizdat, Moscow, Russia.

Received: 22.01.2024

MFTAP 16.21.43

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp66-76](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp66-76)

**Ә.А. Данияр<sup>1</sup>, Қ.К. Кенжалин<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

### **«БАБЫРНАМА» ЖАЗБА МҰРАСЫНДАҒЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

*Түркі тілдеріндегі сөз тіркестерінің түрлері – компоненттер арасындағы қатынастардың ежелгі жазба ескерткіштердегі формада қалған ерекше синтаксистік құрылым. Бұл жұмыс «Бабырнама» жазба мұрасындағы жалпы сөз тіркестерінің құрылымдық типтері мен модельдерін сипаттауды, олардың қалыптасуының жалпы заңдылықтарын анықтауды, «Бабырнама» тілінің ерекше сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымындағы сөз тіркестерінің мағынасын анықтауды міндет етеді. Зерттеу жұмыстың қорытындылары түркология ғылымы мен қазіргі қазақ тілі біліміндегі синтаксис саласының бір бөлігіне өз үлесін қосу үшін нақты фактілі материалдар ұсынады. Орта*

*ғасырдан кейінгі аралықтағы (XV-XVI ғасырлар) уақытты қамтитын бұл тарихи еңбек тіліндегі сөз тіркестерінің құрылымы қазіргі қазақ тілі тіркестері заңдылықтарына сәйкес екені бойынша салыстыру жүргізіледі. Сол салыстыру негізінде Бабыр жазбаларын қазіргі қазақ тіліне аудару арқылы автор сөйлемдеріндегі сөз тіркестерінің құрылымдық және мағыналық ерекшелігі сипатталады.*

*Кілт сөздер: сөз тіркесінің құрылымы, есімді сөз тіркесі, етістікті сөз тіркес, тұрақты тіркес, синтаксистік қатынастар.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тілдің тарихы халықтың тарихымен өте тығыз байланысты. Әрбір елдің тарихы, шежіресі, мұрасы көне, орта түркі жазбаларында көрініс тауып, бүгінгі күнге әр ғасырдың тарихи жазба мұралары мен ескерткіштері арқылы жетіп отыр. Біздің заманымызға дейін жетпей қалған да біршама құнды еңбектер баршылық. Бірақ Бабырдың қазіргі уақытқа дейін бірнеше нұсқада жетіп отырған «Бабырнама» еңбегінің тілдік ерекшелігі тек түркі әлемінде емес, әлемдік деңгейдегі ғалымдардың зерттеу объектісіне түскен. Атап айтқанда, шетелдік ғалымдардың William Erskine “Memoirs Of Zheir-Ed-Din Muhammed Baber: Emperor of Hindustan and John Leyden”, Hoshimova D.M. "Problems of creating a critical text of “Baburname”. Candidate of philological science, dissertation thesis, Ibragimov A. «Baburname is the great work», Şen M. Gazi «Zahirüddin Muhammed Bâbur, Bâburname I Giriş-Metin (Kâbil ve Hindistan Bölümleri)» сынды құнды еңбектері мен ресейлік тюркологтардан Бабыр жазбаларының зерттелуіне біршама үлесін қосқандар қатарына А.Н. Самойлович, И.В. Стеблева, Г.Ф. Благова сынды ғалымдарды жатқыза аламыз. Алайда аталмыш мұраның мәтіні бойынша синтаксис мәселесі түркологияда да, шетелдік тіл білімінде де толыққанды қарастырылмаған тіл білімінің саласы болып отыр.

Берілген зерттеу тақырыбы тіл тарихы, яғни тарихи лингвистика мен тарихи синтаксис саласын ғылыми ресурстармен толықтыру мен әрі қарай дамыту тұжырымын ұсынады. Зерттеу жұмысы тарихи-салыстырмалы қағида бойынша жазылды.

## КІРІСПЕ

Халық әр дәуірдің өзіндік көрнекті өкілдерін танып, шығармаларын оқи отырып, бағалай біледі, қажетін бойына сіңіріп, келер ұрпаққа дәріптейді. Ғалымдар қауымы болса, түрлі бағытта зерттеп, ғылыми маңыздылығын көрсетеді. «Бабыр өз заманының көрнекті ақыны және мемуаршы ретінде ғана емес, сонымен қатар бес ғасырдан астам уақыттан кейін де көптеген зерттеушілердің назарын аударатын көрнекті мемлекет қайраткері және қолбасшы ретінде танымал. Ол кездейсоқ емес, себебі Бабырдың бүкіл өмірі – «шытырман оқиғалардың» бір түрі және бұл оған орталық және Оңтүстік Азия халықтарының өмірінің көптеген салаларында айтарлықтай із қалдыруға мүмкіндік берді» [1, 368].

Бабырдың адамзат руханиятына қосқан үлкен үлесі – шағатай тілінде 1526 жылдан бастап жазылған «Бабырнама» туындысы. «Бабырнама» өз дәуіріндегі сот шежірешілері құрастырған кез келген тарихи шежіреден дәрежесі жоғары, сондықтан автордың көзі тірісінде еңбек үлкен қызығушылық тудырды, ал XIX ғасырдан бастап бүкіл әлемдегі шығыстанушылардың назарында болған бұл туындыны тілдік тұрғыдан зерделеу қазіргі таңда өзекті боп қала береді.

Берілген мақаланың зерттеу мақсаты – «Бабырнама» мәтініндегі сөз тіркестерінің қолданысын анықтау. Ол келесі жолдармен анықтала түседі: мағыналық байланыс, сөз тіркестерінің бір-бірімен аналитикалық және синтетикалық тәсілдер арқылы байланысқа түсуі, жай сөйлемдердің және төл сөздердің құрылымы.

Түркі тілдерінің, атап айтқанда қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемдердегі сөздердің орналасу ретінде белгілі бір жүйелік болады. Сөз тіркестері қандай да бір түрде сәйкес келмейді. Олар белгілі бір тәртіпте орналасқан. Синтаксистік байланыстың бұл әдісі сөздерді жалғаулар

арқылы байланыстырудан кем түспейді [2, 57]. Аталмыш зерттеуде нақты дәйектемелер арқылы Бабыр ұсынған сөз тіркестерінің құрылымдық, мазмұндық ерекшелігі, байланысу тәсілдері мен сөйлемдегі сөздердің орналасуы көрстіледі.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Ғылыми-зерттеу үшін негізгі дереккөздер ретінде әлемдік түркілік транскрипциядағы 1. Thackston W.M. Jr. «Bâburnâma.: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation, Harvard University, 1993» еңбегін және қазақша аудармасы ретінде 2. Қожабекұлы Б. «Бабырнама. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. – Алматы, 1993» атты кітабын пайдаландық. Зерттеу жұмысында жүйелеу, сипаттамалы, тарихи-салыстырмалы әдістер, сондай-ақ пікірлерді қорыту және мен аударма тәсілдері қолданылады. Бұл зерттеу тәсілдері «Бабырнамадағы» сөз тіркестерінің құрылымын, атап айтқанда байланысу тәсілдерін, сөз тіркестерінің синтаксистік қатынасын және мағыналық үйлесімдігін анықтауға мүмкіндік береді.

## НӘТИЖЕЛЕР

Захир-ад-дин Бабырдың жазу шеберлігі мен мәтін түзу қабілеті бойынша мынадай ой келтіруге болады: «Бабырнаманы» талдай отырып, Бабырдың өмірбаяны өзінің сезімдерінің бай палитрасын білдіретін қарапайым, жалпыға ортақ және айқын буынмен жазылған» [3, 154]. Алайда бұл шығармадан авторлық шеберлікті, тұрақты тіркестердің қолданысын, рубаилар мен өлеңдер, мақал-мәтелдер мен көрнекі сипаттауларды молыан кездестіре аламыз. Барлығы өз орнымен, ретімен, жүйелі түрде логикалық байланысқа негізделіп берілген.

Бабырдың өмірбаяндық еңбегінде сөйлемдердің құрылысы ерекше сипатқа ие. Себебі автор қолданған сөздер сөйлем ішінде нақты бір үйлесім таба білген және қазіргі қазақ тіліміздегі сөз тіркестеріне ұқсас та, өзгешеленетін де түрлері кездеседі. Ең алдымен «Бабырнамадағы» еркін тіркестерге тоқталайық. Оларды есімді және етістікті түрлеріне бөлінуіне қарай мысал келтірейік.

**Есімді сөз тіркестері.** *Men va Muḥammadi Kükältaš ikäw keldük, begim va beginning yavuuqidaqlar tanımadılar, bävujud kim ayttım. Muddattın songra tanıdılar* [4, 16].

Қаз. Мұхаммед Көкелтас екеуміз барып жолыққанымызда мен есімдімі айтсам да, бегім мен оның жақындары мені танымады. Бірақ біраз уақыттан кейін таныды [5, 29]. Бұл мысалда «бегімнің жақындары», «Мұхаммед Көкелтас екеуміз» есімді тіркестер. Яғни бұл тіркестердің басыңқы сыңарлары есім сөздер.

**Етістікті тіркестер.** Негізгі етістікті және кез келген көмекші етістіктерді, сондай-ақ етістіктің кез келген күрделі формаларын қамтитын тіркестер «Бабырнамада» жиі кездеседі:

*Toquz rüd oşbu tağdın çiqar. Bu tağdın qar hargiz öksümäs* [4, 273].

Қаз. Бұл таудан тоғыз өзен шығады. Ондағы қар ешқашан кетпейді [6]. Берілген сөйлемдерде мынадай етістікті тіркестерді көрсетуге болады: *өзен шығады, таудан шығады; ешқашан кетпейді, қар кетпейді.*

**Байланысу тәсілдері.** Келесі кезекте қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің байланысу тәсілдерінің төрт түрі бойынша «Бабырнама» жазба мұрасындағы сөз тіркестерінің үлгілер келтіріп, ұқсастығы мен өзгешілігін анықтаймыз (1-кесте):

Қиысу	Матасу	Меңгеру	Қабысу
1. <i>Yana bir Xwaja Husayn Beg erdi.</i> 2. <i>Yana bir Şayx Mazid Beg edi.</i> 3. <i>Yana bir 'Ali Mazid Beg edi</i> [4, 27].	«Бабырнамадағы» матасудың құрылымы: Ілік септігі <i>ing(bizing-bizdiñ)-ning, ning +i, i.</i> <i>Oşbu jinsning ba'zısunıng başı sūsani bolur</i> [4, 595].	«Бабырнамадағы» меңгерудің жасалу жолы: qa, a, ğa, gä, ta, tä, da, dā ni, ni, ini, inı, dın, dın(нан/нен/дан/ден/тан/тен және нда/да/де, та/те мағынасында) + етістік	<i>Daşta egändä iki üç kün payâpay yamğurlar yağdı. Gümal Rüdi xaylı ulgayıp edi.</i> [4, 309].

<p>Қаз. Тағы бір Хұсайын Бек еді. Тағы бір Шайх Мазид Бек еді. Тағы бір Али Мазид Бек еді. Бастауышы адамның есімі, баянлауышы еді көмекші етістігі арқылы жасалып тұрған сөйлем мүшелері бұл жерде қиысу болады.</p>	<p>Қаз. Бұл тотының кейбірінің басы ақшыл көк болады [4,321]. 2. <i>Bu tağning qullasida Sulṭān-Mahmūd Han bir hujra saliptur</i> [4,4]. Қаз.Бұл таудың басында Сұлтан Махмуд хан хужраны тұрғызды. Таудың басы – матасу.</p>	<p><i>Band-i Salar yolu bilā namāz-i šām bilā namāz-i xuftan arası Andijānğa keldim</i> [4, 63]. Қаз. Ахсикенттен шығып Банд-и Салар жолымен жүріп, намаздігер мен намазшам арасында Әндіжанға келдім [5, 54].</p>	<p>Қаз. Біз Дашта тұрып жатқанда, екі-үш күн қатарынан жаңбыр жауды. Гумал өзені қатты көтерілді [5,161 б.]. Бұл жердегі қабысулар: екі-үш күн, екі үш күн жауды екі-үш қатарынан жауды, қатты көтерілді.</p>
<p><i>Biz yanğandin song xan kişisi Ura Tepä üstigä yürüdi</i> [4, 65]. Қаз. Біз кеткеннен соң, ханның бір адамы Уратепеге барыпты [5, 55]. Бұл жерде 2 қиысу бар. Себебі бұл сабақтас құрмалас сөйлем: 1. <i>Біз кеткеннен; 2. Хан адамы барыпты.</i> Бұл мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмаластың құрамындағы екінші басыңқы сөйлем мекен мәнінде берілген.</p>	<p><i>Men dedim kim «Siz mardāna bolung! Mening basimdin mundaqlar xaylî ötüptür»</i> [4, 333]. Қаз.Мен оған: «Батыл бол! Менің басымнан осындайлар талай рет ұшқан». Бұл төл сөзде матасу жіктеу есімдігінде тұр: «менің басым». -<b>din</b> жалғауы бұл жерде қазіргі ілік септігінің -ның/нің жалғауының нұсқасы. Байқағандай, қазіргі «бас» деген жуан сөзге сол кезде тәуелдік жалғауының жуан -ы жалғауы мен ілік септігінің -ның жауан формасы емес, жіңішке жалғаулары жалғанған.</p>	<p><i>..bu iki böläk tolğama ong goldin sol goldin ğanimning arqasığa evrülğäylär</i> [4, 569]. Қаз. Бұл екі жасақ жау жақындағанда сол жақ, оң жағынан қапсырып, ту сыртынан соғуы керек [5, 308]. -<b>din</b> жалғауы шығыс септігі (оң жағынан) мәнінде жұмсалған. <i>Bağning ortasidin bir tegirman suyi hameşajari dur</i> [4, 281]. Қаз. Бақшаның ортасында бір диірменге жеткілікті ағын су үнемі ағып тұрады. Меңгеру: «ортасында тұрады». -<i>din</i> жалғауы бұл жерде жатыс септігі (-да) мәнінде қолданылған.</p>	<p><i>Sariğ arğavān bilä qızıl arğavān dāmanada darham açilurlar</i> [4, 282] Қаз.Сары аргуван қызылмен бір уақытта таулардың баурайында гүлдейді. Қабысу: <i>сары аргуван, қызыл аргуван.</i> Бұлар -сын есімді тіркестер. Жалпы сипаттау мәтінінде автор сапалық сын есімді тіркестерді жиі қолданады.</p>
<p><i>Adik Sultāndin song Qazaq ulusining xanı Qasim Xan aldı</i> [4, 23]. Қаз.Әдік сұлтаннан соң [Сұлтан Нигар ханымды] қазақ ұлысының ханы Қасым хан алды. Берілген мысалда қиысу – <i>Қасым хан алды.</i></p>	<p><i>..Kafaristanning iči bilä kelip</i> [4, 275 б.]. Қаз. <i>..Кафаристанның ішіне</i> дейін өтіп. Бұл жерде «Кафаристанның іші» – матасу. <i>Kafaristan</i> жуан буынға аяқталғандықтан <i>ning</i> (ның) ілік септігі арқылы жасалған.</p>	<p><i>Bir axsam ċarbāğda divānxānada olturup edim</i> [4, 459]. Қаз. Бір кеште мен шарбақта, диванханада отырдым. «Шарбақта, диванханада отырдым» – мекен мәніндегі меңгеру. Жатыс септігі арқылы жасалған.</p>	<p>1. <i>Dušamba kuni Askarī, kim safar qılıp ċiqip edi...</i> 2. <i>Sišamba kuni auning on altısında...</i> [4, 751]. Қаз.Бұл жерде пысықтауыш мәндегі зат есімдегі қабысу: <i>дүйсенбі күні, сейсенбі күні.</i></p>

1-кесте. «Бабырнамадағы» сөздердің байланысу тәсілдері

Ғалым Н.А. Баскаков тиесілік, иелік категориясы туралы айта келе, қазіргі түркі тілдерінде анықтаушы комбинациялардың екі негізгі тобы бар екенін атап өтеді: а) детерминативті анықтаушы комбинациялар – анықтаушы да, анықталушы да сөз тәртібінен басқа морфологиялық сипаты жоқ комбинациялар; б) иелік етуші анықтаушы комбинациялар – бұл тіркесімдер. анықталатын және анықталатын сөздердің ретін қоспағанда, айқындалатын

кезде иелікті айқындауда ілік септігінің арнайы жұрнақтарымен (немесе оларсыз) өрнектеледі», - дейді [7, 221].

«Бабырнамадағы» ілік септіктер мен одан бұрынғы ғасырдағы қолданыстарды салыстыратын болсақ, XII ғасырдағы «Диуани хикметтің» нұсқаларында матасу «ілік септігінің *-ның, -нің* формасының тек қысаң дауыстымен келетін түрлері кездеседі екен. Бұл қосымша атау формасындағы сөздер мен есімдіктерге, сондай-ақ көптік, тәуелдік жалғауларынан соң жалғанған» [8, 165]. Мысалы:

<i>ālīniñ atası</i> (K. 76a/1),	<i>muḥabbetniñ deryāsı</i> (M. 61b/3),
<i>cānniñ kuşı</i> (K. 43a/3),	<i>muḥabbetniñ meydānı</i> (K. 40a/5),
<i>cenāzemniñ arkası</i> (M. 8a/4),	<i>riyāzetniñ köçesi</i> (M. 24b/5),
<i>derdiniñ devāsı</i> (S. 8a/4),	<i>uçtağniñ içi</i> (K. 48b/2),
<i>ērenlerniñ ayğan sözi</i> (S. 12b/3),	<i>ümmetlerniñ işi</i> (M. 49a/7),
<i>hudāniñ vaşlı</i> (S. 9a/2),	<i>ümmetlerniñ derdi</i> (K. 64a/2) vb.

1-сурет «Диуани хикметтегі» матасудың берілу жолдары [8, 165].

Көріп отығанымыздай, аса айырмашылық жоқ. Тек транскрипция бойынша «Бабырнама» еңбегінде *ның/нің -ning, -ning* түрінде берілген және жіктеу есімдігіне жалғанатын *-iñ* деген жалғау бар: *- ing* (bizing-біздің).

Сөз тіркесінің тәуелді компоненттерінің формальді белгілері негізінде бағыныңқы сөз бен басыңқы сөздердің арасындағы байланыстың келесі үш түрін ажыратуға болады: анықтауыштық, толықтауыштық және пысықтауыштық [9, 18]. Осы үш қатынас бойынша «Бабырнама» жазба мұрасындағы сөз тіркестеріне мысал келтірейік.

**Анықтауыштық:** *Muḥammad Burunduq asru bilimlig kişi edi. Bisyār sardar kişi edi* [4, 353]. Мұхаммед Бұрындық аса білгір, ұлы сардар кісі еді. Берілген сөйлемдердегі анықтауыш қатынастағы тіркес: *asru bilimlig, bisyār sardar kişi* (қандай кісі? – аса білгір, ұлы сардар). Яғни кісінің қандай екеніні күшейтпелі сын есімдермен сипатталған.

**Bir-iki oq ötüp ötüp tüşti** [4, 333]. Бір-екі оқ ұшып-ұшып түсті. Бұл жерде анықтауыштық қатынастағы тіркес болжалдық сан есім мен зат есімнің тіркесуі арқылы жасалған. Қанша оқ? – *bir-eki*.

**Изафет тіркестер.** Түркі тілдеріндегі атрибутивті сөз тіркестерінің ішінде «изафет» немесе «анықтаушы» зат есімдер тобы ерекше ғылыми қызығушылық тудырады, бұл атаулардың кез келген тіркесімге арналмаған, логикалық және грамматикалық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты зат есімдердің тіркесімі. «Анықтаушы + анықталушы» типі бойынша бағынышты қатынастардағы сөздер бір-бірімен үйлесуі үшін біртұтас ұғымды білдіруі керек.

«Бабырнамадағы» изафет тіркестері әртүрлі нысандар мен объектілер арасындағы тиесілікті, туыстықты және байланысты сипаттау үшін қолданылады. Бұл мәтіндегі зат есімдер арасындағы қатынастар мен байланыстарды орнатуға көмектеседі.

*Derlär kim Gawrband tağlarıda kümiş kâni va lājavard kâni bolur* [4, 279]. Ғұрбанд тауында *күміс кеніші* мен *ляпис-лазур қабаты* кездеседі деп айтады [5, 160]. Изафет тіркес – *күміс кеніші* және *ляпис-лазур қабаты*. Ляпис-лазур дегеніміз – жартылай бағалы, мөлдір емес көк-күлгіннен көкшіл-сұрға дейінгі түсте болатын тас.

*Qutta uttariq kuffärning murüri Panjhirdın dur. Kәпірлердің қарақшылары* жол үсті болғандықтан, Панжхирдың үстінен өтеді [5, 160]. Бұл мысалдағы сөйлемде «кәпірлердің қарақшылары» байланысу тәсілі бойынша матасу, анықтаушы мен анықталушы негізінде изафет қатынаста байланысқан.

**Толықтауыштық:** (*Мұхаммед Бұрындық*) *Qusqa asru kör taylı edi* [4, 353]. Бұл жерде толықтауыштық қатынастағы тіркес – «құс салуға құмар еді» [5, 198]. Сұрағы: Неге құмар еді? Жауабы: *құс салуға*. Яғни барыс септігіндегі күрделі сөз тіркестері арқылы берілген.

Дәл сол мысалдан **пысықтауыштық қатынастағы** сөз тіркесін көре аламыз: *Qusqa asru kör maylı edi* – құс салуға қатты құмар еді. Бұл жерде – *қатты* құмар еді. Сұрақ: Қалай, қаншалықты құмар еді? Жауабы: қатты.

*Bu tağ dāmanasida yaxşı havalıǵ yerlär bar* [4, 273]. Бұл тау жотасында ауасы жақсы жерлер бар. Берілген мысалда қай жерде деген сұраққа жауап беріп, мекен мәніндегі «тау жотасында бар» тіркесі қолданылып тұр.

*Oyǵanǵunça aş bışurup bir kuza çağır qılıptur* [4, 529]. (Біз) Оянғанша тамақ пісіріп, шарап дайындады. «Оянғанша ас пісіріп» тіркесімі уақыт пен мезгіл аралығын білдіріп тұр: Қай уақытқа/қашанға дейін? – Оянғанша.

«Бабырнама» жазба мұрасындағы сөздердің орын тәртібі мен орналасу реті жалпы түркі тілдеріне тән құрылыммен берілген. Алайда кейбір төл сөздеріндегі сөйлеушінің сөздері мен репликалары қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің орналасу тәртібінен өзгешеленеді. Оны келесі мысалмен дәйектей аламыз:

*«..ya olkim Lahawrǵa yibärip giraw yosunluǵ tursa sizlar qatiling; yoq ersä qoşulǵacı bolmaǵay siz dep siz ham tuta küin uruşıp basturup siz; yana ne i ‘timād bilā qoşula siz? Sizga ham maşlaħat emäs kim qatulǵay siz”* [4, 549].

«..аманат ретінде Лахорға жіберсе, онда оларға қосылындар, ал олай етпесе – бұлай жасамаңдар» делінген. Сіз өзіңіз таяуда ғана Ғази ханмен айқасып жеңіліп қалдыңыз; оған қандай сеніммен қосылмақпыз? Сіздің де оған қосылмағаныңыз жөн», – деді [5, 297].

Берілген сөйлемдердегі, яғни төл сөздердің құрамындағы есімдік сөйлемнің басында емес, соңында берілген. Яғни бұл жерде етістікті тіркес орын алмасу арқылы берілген, бірінші етістік, екінші есімдік: ***bolmaǵay siz, uruşıp basturup siz, qatulǵay siz***

**Тұрақты тіркестер.** «Бабырнамадағы» тіркесімдерді семантикалық категорияларға бөліп қарастыру да ғалымдардың зерттеу нысанасында. Мәселен, фразеологизмдерді «зат-құбылыс, әрекет-жағдай, сипат семалар және болымды/болымсыз түрдегі тіркесімдер» деп қарастырған [10, 368-369]. Бірнеше мысал келтіріп өтейік:

*Til tutuldi. «Andoqkim, to`rt kungacha tilim tutuldi, og`zimga paxta bila suv tomizurlar edi»* [11, 63]. Төрт күнге дейін тілім тұтылды, сондықтан олар менің аузыма мақта арқылы су тамызды. Тіл тұтылды – сөйлей алмай қалу мәніндегі тұрақты тіркес.

*Söz qatmalıq. Tüz baqmaqlıq ya söz qatmaqlıqniñ xud imkāni yoq èdi* [4, 153]. Оған тік қарау немесе тіл(сөз) қату мүмкін емес еді. Бұл жердегі тұрақты тіркес – тіл (сөз) қату. Сөйлеу мәнінде. Жалпы «қату» етістігі «полисемантизм қатарын дамытып, фразеологизмдердің сыртқы синтагмалық байланысын жасайды; қабағы қату, сеспей қату, қаншырдай қату, мейіздей қату, тіл қату, үн қату» [12, 265]. Демек, қазіргі «тіл қату» тіркесі Бабыр заманына дейін де қолданылуы мүмкін, себебі халық арасында сөйленісте болса, бір дәуірден екінші дәуірге жазбаша да ауызша да таралып, Бабыр жазбасында да кездеседі.

*İs qarıǵa kèlgen maħallda jidd-u ihtim ämni taqşır qilmamaq kèrek* [4, 223]. Темірді қызған кезде соқ дегендей, реті келіп тұрғанда ұмтылған абзал [5, 131].

Берілген сөйлемде қазіргі кездегі тұрақты тіркес – «темірді қызған кезде соқ» қолданылып тұр. Автор бұл жерде дәл уақыты келгенде бір істі істеп тастаған жөн екенін айтып, оқиға желісін түсіндіру кезінде бұл тұрақты тіркесті мысалға келтіреді. Сол сияқты «Бабырнама» шығармасында халық арасында кең тараған тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер және автордың өзінің, өзге де сол дәуірдің ақындарының өлең жолдары кездеседі. Бұл да аталмыш жазба мұраның әдеби-тілдік құндылығын танытады.

«Бабырнама» жазба мұрасының тілдік әрі мазмұндық сипаты бойынша зерттеу жүргізу ғалым-зерттеушілердің ғана емес, студенттердің, жас сарбаздардың да (әскери лексикасы мол) ерекше қызығушылығын тудырады, «өйткені Бабыр өзінің естеліктерінде тарихта қалған және белгілі бір мағынада оның бағытын өзгерткен ұлы жаулап алуларымен байланысты нақты оқиғаларды сипаттайды» [13, 91]. Осылайша, Бабырдың әрбір жүріп өткен жолы мен көрген дүниелері қағаз бетіне мемуар ретінде түсіп, қазіргі таңда көптеген ғылым саласы тұрғысынан, бізге келгенде, тілдік тұрғыдан (синтаксис) зерделеуге болатын ауқымды мұра екенін тұжырымдай аламыз.

## ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеліп отырған «Бабырнама» мәтіндегі сөз тіркестерін талдай келе мынадай қорытындыға келуге болады:

- Сол дәуірдегі сөйлем құрамындағы сөз тіркестері қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркестерімен бірдей. Тек кейбір сөйлемдердегі сөздердің орналасу тәртібінің қолданысы өзгешеленеді (әсіресе төл сөздердің құрамында).

- Автор етістікті тіркес пен есімді тіркестерді бірдей деңгейде қолданады.

- Матасу, меңгерудің қазіргі тіркестерден өзгеше, арнайы жалғаулары бар (-dін жалғауы шығыс септігінің де, ілік септігінің де жалғауы ретінде кездеседі).

- Сөйлем ішіндегі анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері автор жеткізбек мәтіннің мазмұны мен реттілігіне сай жұмсалады.

- Изафет тіркестер басқа тіркестерге қарағанда сирек кездеседі.

- Автордың оқиғаны баяндауда көркемдеу тәсілі ретінде тұрақты тіркестерді қолданады.

- Синтаксистік жай және күрделі тіркестер қолданыс тапқан (автордың мәтін түзу ерекшелігіне және сөйлем құрамындағы сөздердің үйлесімдігіне байланысты).

- Әрбір жай және құрмалас сөйлем ішіндегі сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері сол дәуірдің қолданысындағы сөйлеу тіліне және Бабырдың сөйленісіне байланысты.

- Сөз тіркестерінің қолданысын талдау арқылы «Бабырнамадағы» жай, құрмалас сөйлемдердің және төл сөздердің ерекшелігін анықтауға болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бабырдың өзі зерттеліп отырған өмірбаяндық жазба мұрасы туралы былай деп жазады: «..мұнда жазылғанның бәрі шындық, және бұл сөздердің мақсаты өзімді мақтауда емес, бәрі дәл мен жазғандай болды. Бұл шежіреде мен жазған әрбір сөздің шындыққа айналуын және кез келген істің қалай болып жатқанын көрсету үшін өзіме жауапкершілік жүктедім» [14, 159]. Бабыр бәрінен бұрын шындықты бағалады, сондықтан оның жазбаларының дұрыстығына күмән келтіруге болмайды.

«Бабырнама» жазба мұрасының лингвистикалық тұрғыдан, атап айтқанда синтаксистік жағынан зерделеп талдау қазақ тілі біліміне ғана емес, барша түркі тілдес халықтардың тіл білімі саласына үлкен үлес қосатыны анық және бұл одан әрі кең ауқымды зерттеулерді қажет ететін тақырыптардың бірі. Дереккөз ретінде «Бабырнаманың» латын графикасындағы транскрипциясы және қазақ тіліне мазмұндық аудармасы қолданылды.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы сол дәуірде жазылған мәтін үлгісін, түркі мәдениетінің жазбаша ескерткіштерін тілдік сипатын танумен және Орталық Азия халықтары, Бабыр әлемінің тілдік бейнесін зерттеудегі ұсынылған сөз тіркестерінің құрылымын, түрлерін, жалпы ерекшеліктерін көрсетумен байланысты. Мәтіндегі сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері сол дәуірге тән тілдік сөйленісті, сөйлем түзудегі авторлық қолданыстың бейнесін танытады.

## ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен АР19679974 «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштерінің тілі» атты гранттық жобасы аясында жазылды.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Байдаров Е.У. "Орталық және Оңтүстік Азия тарихындағы Бабыр", Захириддин Мұхаммед Бабырдың Шығыс әкімшілігі мен мәдениетіндегі рөлі. Халықаралық ғылыми-теориялық



конференцияның ғылыми мақалалары мен тезистерінің жинағы, Ташкент: ӨзҰУ, 2023. – 1 Том. – 368-373 бб.

2 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002.

3 Абдыкадырова С.Р., Кабылов Т.Б., Токтосунова З.Р. "Бабыр-намадағы лингвистикалық құралдар автордың маңызды поэтикалық бірлігі ретінде", International Journal of Humanities and Natural Sciences, 2022. – 10 том-2 (73). – 152-156 бб.

4 Thackston W.M. Jr. *Bâburnâma*.:Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation, [Cambridge, Mass.]: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University, 1993.

5 Қожабекұлы Б. Бабырнама. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. . – Алматы: Ататек, 1993

6 Захир ад-Дин Мухаммед Бабури. (n.d.), Бабури-Наме, "Шығыс әдебиеті", Шығыс пен Батыстың ортағасырлық тарихи көздері. Кіру сілтемесі: <https://www.vostlit.info/> (қаралған күні: 20.06.23).

7 Баскаков Н.А. Түркі тілдерінің құрылымының тарихи-типологиялық сипаттамасы: сөз тіркесі мен сөйлем, М.: Ғылым, 1979.

8 Утебеков С. «Диуани хикмет» нұсқаларындағы ілік септігінің формалары және матаса байланысқан сөз тіркестері", *Türkologia*, 2022. – №2 (110). – 155-186 бб.

9 Ахматов И.Х. Түркі тілдеріндегі сөз тіркестері мен сөйлемдер теориясының мәселелері, Нальчик: Эльбрус, 2006.

10 Мухаммадиева Д, "Бабыр-намадағы" сөз тіркестерінің семантикалық жіктелуі және оларды түрік аудармаларында беру мәселелері", Захириддин Мұхаммед Бабырдың зияткерлік мұрасы және қазіргі заман: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның мақалалары мен тезистерінің жинағы, М.: Пробел-2000, 2000. – Б. 368-374.

11 Hasanov S. *Zahiriddin Muhammad Bobur*. Boburnoma, Nashrga tayyorlovchi Toshkent: Sharq 2002.

12 Хасанов Ғ.К. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы: Ғылыми монография, Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2012.

13 Асилова Г.А. "Әскери білім беру мекемелерінде Орыс тілі сабақтарында" Бабырнама бойынша "әскери терминологиямен жұмыс", International conference: Actual problems and solutions of modern philology, Research Support Center, 2020. – Б. 6-92.

14 Бабыр-наме. Бабыр жазбалары, Аударған М.Салье; жауапты редактор және алғы сөз авторы тарих ғылымдарының кандидаты С.А. Азимджанова, Ташкент: Өзбек КСР Ғылым Академиясының баспасы, 1958.

Материал 20.07.2023 баспаға түсті

### **Употребление словосочетаний в письменном наследии «Бабуринама»**

А.А. Данияр<sup>1</sup>, К.К. Кенжалин<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

*Разновидности словосочетаний в тюркских языках – уникальная синтаксическая структура отношений между компонентами, которая сохранилась от древних письменных памятников. Данная исследовательская работа перед собой ставит задачу описать структурные типы и модели общих словосочетаний в письменном наследии "Бабуринама", выявить общие закономерности их формирования, определить значение словосочетаний в своеобразном словарном составе и грамматическом строении языка "Бабуринама". Результаты исследования предоставляют конкретные фактические материалы для внесения вклада в часть области синтаксиса в тюркологической науке и современном казахском языкознании. Сравниваются словосочетаний в языке данного исторического труда, охватывающего период после Средневековья (XV-XVI веках), по той причине, что структура словосочетаний в современном казахском языке соответствует*



*закономерностям языка той эпохи. На основе этого сравнения описывается структурно-смысловая специфика словосочетаний в предложениях автора путем перевода записей Бабура на современный казахский язык.*

*Ключевые слова: структура словосочетаний, именные словосочетания, глагольные словосочетания, фразеологизмы, синтаксические отношения.*

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Байдаров Е.У. "Бабур в истории Центральной и Южной Азии", в: Роль Захириддина Мухаммада Бабура в восточном управлении и культуре. Сборник научных статей и тезисов международной научно-теоретической конференции, Ташкент: НУУз, 2023. – Том 1, с. 368-373.
- 2 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002.
- 3 Абдыкадырова С.Р., Кабылов Т.Б., Токтосунова З.Р. "Лингвистические средства в «Бабур-Наме» как важная поэтическая единица автора", International Journal of Humanities and Natural Sciences. – 2022. – Том 10-2 (73). – с. 152-156.
- 4 Thackston W.M. Jr. *Bâburnâma*: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation, [Cambridge, Mass.]: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University, 1993.
- 5 Кожобекулы Б. Бабурнаме. Захир ад-дин Мухаммад Бабур, Алматы: Ататек, 1993.
- 6 Захир ад-Дин Мухаммед Бабур. (n.d.), Бабур-Наме, "Восточная Литература", Средневековые исторические источники Востока и Запада. Доступно по: <https://www.vostlit.info/> (дата доступа: 20.06.23).
- 7 Баскаков Н.А. (1979), Историко-типологическая характеристика структуры тюркских языков: Словосочетание и предложение, М.: Наука.
- 8 Утебеков С. "Формы склонения родительного падежа и связанные соподчинением словосочетания в вариантах «Дивани хикмет» ", *Türkologia*, 2022. – №2 (110). – с. 155-186.
- 9 Ахматов И.Х. Вопросы теории словосочетания и предложения в тюркских языках, Нальчик: Эльбрус, 2006
- 10 Мухаммадиева Д. "Семантическая классификация фразем в «Бабур-наме» и проблемы их передачи в турецких переводах", в: Интеллектуальное наследие Захириддина Мухаммада Бабура и современность: Сборник статей и тезисов докладов Международной научно-практической конференции, М.: Пробел-2000, 2020. – с. 368-374.
- 11 Hasanov S. *Zahiriddin Muhammad Bobur. Boburnoma.*, Nashrga tayyorlovchi Toshkent: Sharq, 2002.
- 12 Хасанов Ғ.К. Лексическая синтагматика казахского языка: научная монография, Уральск: редакционный издательский центр ЗКГУ им. М. Утемисова, 2012.
- 13 Асилова Г.А. "Работа с военной терминологией из «Бабурнаме» на занятиях по русскому языку в военных образовательных учреждениях", в: International conference: Actual problems and solutions of modern philology, Research Support Center. – с. 86-92.
- 14 Бабур-наме. Записки Бабура, Перевод М. Салье; Отв. ред. и авт. предисл. канд. ист. наук С.А. Азимджанова, Ташкент: Изд-во Акад. наук УзССР, 1958.

Материал поступил в редакцию журнала 20.07.2023

### **The use of phrases in the written heritage "Baburname"**

A.A.Daniyar<sup>1</sup>, K.K. Kenzhalin<sup>1</sup>

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

*The syntactic structures found in Turkic languages represent a distinctive feature inherited from ancient written records. This study endeavors to delineate the structural typologies and patterns of common phrases within the "Baburnama", aiming to elucidate their formation mechanisms and*

*semantic nuances within the unique linguistic framework of the text. By analyzing the lexical and grammatical composition of phrases, this research seeks to contribute concrete empirical insights to the field of Turkology and contemporary Kazakh linguistics, particularly in the realm of syntax. A comparative analysis of phrases within the historical context of the Baburnama, spanning the XV-XVI centuries, is undertaken to establish parallels with modern Kazakh language conventions, suggesting a continuity in linguistic evolution. Furthermore, by translating Babur's writings into contemporary Kazakh, this study delineates the structural and semantic idiosyncrasies inherent in the author's expressions, shedding light on the linguistic evolution and specificity of phraseology across temporal boundaries.*

*Key words: structure of phrases, nominal phrases, verbal phrases, phraseological units, syntactic relations.*

## REFERENCES

- 1 Bajdarov E.U. (2023), "Babur v istorii Central'noj i Yuzhnoj Azii [Babur in the History of Central and South Asia]", в: Rol' Zahiriddina Muhammada Babura v vostochnom upravlenii i kul'ture. Sbornik nauchnyh statej i tezisov mezhdunarodnoj nauchno-teoreticheskoj konferencii. – Tashkent: NUUZ, том 1, с. 368-373. [in Russian]
- 2 Qazaq grammatikasy. (2002), *Fonetika, sozhasam, morfologiya, sintaksis [Kazakh grammar, phonetics, morphology, vocabulary, syntax]* – Astana. [in Kazakh]
- 3 Abdykadyrova S.R., Kabylov T.B., Toktosunova Z.R. (2022), "Lingvisticheskie sredstva v «Babur-Name» kak vazhnaya poeticheskaya edinica avtora [Linguistic means in "Babur-Nama" as an important poetic unit of the author]", *International Journal of Humanities and Natural Sciences*, том 10-2 (73), с. 152-156. [in Russian]
- 4 Thackston W.M. Jr. (1993), *Bâburnâma.: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation.* [Cambridge, Mass.]: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University. [in Kazakh]
- 5 Qojabekuly B. (1993), *Baburnama. Zahir ad-din Mûhammed Babyr.* – Almaty: Atatek. [in Kazakh]
- 6 Zahir ad-Din Muhammed Babur. (n.d.), *Babur-Name. «Vostochnaya Literatura». Srednevekovye istoricheskie istochniki Vostoka i Zapada [Zahir al-Din Mohammed Babur Babur-Nameh. "Oriental Literature". Medieval historical sources of the East and West.].* Доступно по: <https://www.vostlit.info/> (дата доступа: 23.06.2023). [in Russian]
- 7 Baskakov N.A. (1979), *Istoriko-tipologicheskaya harakteristika struktury tyurkskih yazykov: Slovosochetanie i predlozhenie [Historical and typological characteristics of the structure of the Turkic languages: Phrase and sentence].* – М.: Nauka. [на русском in Russian]
- 8 Utebekov S. (2022), "«Divani hikmet» nusqalaryndagy ilik septiginin formalary zhane matasa bajlanysqan soz tirkesteri [Forms of declension of the genitive case in the variants of "divani hikmet" and phrases associated with the help of subordination]", *Türkologia*, №2(110), с. 155-186. [in Kazakh]
- 9 Ahmatov I.H. (2006), *Voprosy teorii slovosochetaniya i predlozheniya v tyurkskih yazykah [Questions of the theory of phrases and sentences in the Turkic languages].* – Nal'chik: El'brus. [in Russian]
- 10 Muhammadieva D. (2020), "«Semanticheskaya klassifikaciya frazem v «Babur-name» i problemy ih peredachi v tureckih perevodah [Semantic classification of phrasemes in "Babur-name" and problems of their transmission in Turkish translations]", в: *Intellektual'noe nasledie Zahiriddina Muhammada Babura i sovremennost': Sbornik statej i tezisov dokladov Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii.* – М.: Probel-2000, с. 368-374. [in Russian]
- 11 Hasanov S. (2002), *Zahiriddin Muhammad Bobur. Boburnoma [Zahir ad-din Muhammed Babur. Babur-Name]* Nashrga tayyorlovchi Toshkent: Sharq. [in Uzbek]
- 12 Hasanov G.K. (2012), *Qazaq tilinin leksikalyq sintagmatikasy: Gylymy monografia [Lexical syntagmatics of the Kazakh language: scientific monograph]* Oral: M.Otemisov atyndagy BQMU Redaksialyq baspa ortalygy. [in Kazakh]

13 Asilova G.A. (2020), "«Rabota s voennoj terminologiej iz «Baburname» na zanyatijah po russkomu yazyku v voennyh obrazovatel'nyh uchrezhdenijah» [Working with military terminology from Baburname in Russian language classes in military educational institutions]", в: International conference: Actual problems and solutions of modern philology. – Research Support Center, с. 86-92. [in Russian]

14 Babur-name. Zapiski Babura [Babur-name. Babur 's Notes / Translated by M. Salye] / Perevod M. Sal'e; Otv. red. i avt. predisl. kand. ist. nauk S.A. Azimdzhanova. Tashkent: Izd-vo Akad. nauk UzSSR, 1958. [in Russian]

Received: 20.07.2023

МРНТИ 81`27

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss1pp76-86](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss1pp76-86)

**Е.Е. Демидова**

Международный гуманитарный университет им. П.П. Семёнова – Тянь-Шанского, Санкт-Петербург, 199406, Россия

## ЗАИМСТВОВАННЫЙ СИМВОЛИЧЕСКИЙ КОНЦЕПТ ЦАРЬ В РУССКОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУРЕ

*Актуальность проводимого исследования обусловлена обращением к социально-политическому макроконцепту власть и способам его объективации в русской лингвокультуре. В современной лингвистике практически отсутствуют работы, посвященные анализу концепта царь, в этом заключается научная новизна исследования. Гипотеза исследования состоит в том, что концепт царь относится к сложному типу заимствованных символических концептов. Методы, использованные в исследовании: дескриптивный, интерпретативный, метод компонентного анализа словарных дефиниций. Источник языкового материала – Национальный корпус русского языка ([www.ruscorpora.ru](http://www.ruscorpora.ru)), одиннадцать этимологических словарей русского языка и словарь И.И. Срезневского, работа Н. Флоринского. В ходе исследования было обнаружено 18 мотивирующих признаков у изучаемого концепта: 'властитель/ властелин', 'голова/ глава', 'господин', 'государь', 'защищать/ охранять', 'Иван Грозный (с 1547 г.)', 'император', 'король', 'монарх', 'пасти', 'питать', 'повелитель', 'султан', 'Татарский хан', 'титул', 'царский престол' (о ханской власти), 'царь небесный (о Иисусе Христе)', 'Юлий Цезарь'. Четыре из указанных признака отнесены к разряду символических ('голова/ глава', 'защищать/ охранять', 'пасти', 'питать'). Три мотивирующих признака концепта царь 'султан', 'Татарский хан', 'царский престол' (о ханской власти) не совпадают со сложившимися стереотипами русской лингвокультуры – царь считается правителем европейских, а не азиатских государств.*

*Ключевые слова: концепт; мотивирующие признаки, символические признаки, концептуальная структура, языковая картина мира, лингвокультурология.*

### ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

Современная политическая лингвистика обращается к макроконцепту *власть* в русской лингвокультуре и концептам, формирующим его макроструктуру. Востребованность исследования темы концептуализации власти заключается в анализе таких важных тем, как управление страной и система общественно-политического взаимодействия, смена систем общественно-политического правления в России и их отображение в языке. Значимость поставленной проблемы обусловлена необходимостью исследования способов вербализации и изучение специфики концептуализации такого фрагмента мира, как власть.